

## Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 230 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 22 маусымда № 32875 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының жиырма тоғызыншы абзацына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспенің орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2024 № 391 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарының және кейбір бұйрықтарының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер саясатын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1 және 2-тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
2023 жылғы 22 маусымдағы  
№ 230 Бұйрығына  
1-қосымша

## **Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Әлеуметтік кодекстің 12-бабы 5) тармақшасының жиырма тоғызыншы абзацына сәйкес әзірленген.

#### **2. Осы Қағидалар:**

стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету жағдайларында мынадай адамдарға (бұдан әрі – қызмет алушылар):

1) психоневрологиялық патологиясы бар мүгедектігі бар балаларға (бұдан әрі – балалар);

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға (бұдан әрі – ТҚА бұзылған балалар);

3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға (бұдан әрі – он сегіз жастан асқан адамдар);

4) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға (бұдан әрі – мүгедектігі бар адамдар);

5) егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға (бұдан әрі – қарттар);

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде тұрған белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға, адам саудасының құрбандарына, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына (бұдан әрі – уақытша болу ұйымдарындағы қызмет алушылар) уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2024 № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-1. Мемлекеттік сектордағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 18-бабының 13-тармақшасына және 19-бабының 9-тармақшасына сәйкес арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаждардың саны кемінде 50 (елу) адамы бар республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, облыстық маңызы бар қалаларда, стационарлы, жартылай стационарлы үлгідегі қызмет пен үйде қызмет көрсету жағдайында қызметтерге мұқтаждардың саны кемінде 25 (жиырма бес) адамы бар аудандық маңызы бар қалаларда, елді мекендерде, аудандық аймақтарда, ауыл округтерінде ашылады.

Сонымен қатар үйде қызмет көрсету ұйымдары бір-бірінен 5 (бес) шақырымнан астам қашықтықта құрылады.

Ескерту. 1-тарау 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 06.03.2025 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-2. Уақытша болу ұйымдары тұрғылықты жері жоқ адамдарға, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) пробация қызметінде есепте тұрған адамдарға, сондай-ақ адам саудасының және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандарына арналған.

Олар мемлекеттік секторда республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, облыстық маңызы бар қалаларда, аудандық маңызы бар қалаларда халық саны 100 000 (жүз мың) адамнан жоғары болған кезде құрылады. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 18-бабының 13-тармақшасына және 19-бабының 9-тармақшасына сәйкес, елді мекендерде, аудандарда және ауыл округтерінде халық саны 50 000 (елу мың) және одан жоғары адам болған жағдайда, жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша бір аудан деңгейінде уақытша болу ұйымын құруға болады.

Ескерту. 1-тарау 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 06.03.2025 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жартылай стационарлық жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым (бұдан әрі – жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар) – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда ұзақ немесе уақытша (6 айға

дейінгі мерзімге) күндіз болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған лицензия негізінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған заңды тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі;

2) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) – облыстардың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Астана қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, Алматы және Шымкент қалаларының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;

3) стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым (бұдан әрі – стационарлық үлгідегі ұйымдар) – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда тәулік бойы тұрақты немесе уақытша (үш айға дейінгі мерзімге) тұруы жағдайында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған лицензия негізінде арнаулы әлеуметтік қызметтерге көрсетуге арналған заңды тұлға;

4) уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым (бұдан әрі – уақытша болу ұйымдары) – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың ұйымда тәулік бойы уақытша (бір жылдан көп емес) болуы жағдайында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған лицензия негізінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған заңды тұлға;

5) үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйым (бұдан әрі – үйде қызмет көрсету ұйымы) – меншік нысанына қарамастан, қызмет алушылардың тұрғылықты жері бойынша үйде қызмет көрсету жағдайларында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған лицензия негізінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған заңды тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Стационарлық үлгідегі ұйымдар қызметінің тәртібі**

4. Стационарлық үлгідегі ұйымдар:

1) медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар);

2) әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары;

3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтары;

4) жоба қуаттылығы 10-нан 50-ге дейінгі орындары бар сыйымдылығы шағын үйлер

;

4-1. Стационарлық үлгідегі ұйымдар өз қызметін "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024

жылғы 28 маусымдағы № 230 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34655 болып тіркелген) (бұдан әрі – Лицензия беру қағидасы) сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тарау 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4-2. Стационарлық үлгідегі ұйымдар қызметі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркеліміне тіркелген күннен басталады.

**Ескерту. 2-тарау 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4-3. Стационарлық үлгідегі ұйымдардың қызметі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды тіркеуден шығарған күннен бастап аяқталады.

**Ескерту. 2-тарау 4-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4-4. Стационарлық үлгідегі ұйымдар "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қаржыландыру және мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 261 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32920 болып тіркелген) (бұдан әрі - Қаржыландыру және мониторингтеу қағидалары) қағидаларын сәйкес қаржыландырылады.

**Ескерту. 2-тарау 4-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4-5. Жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес стационарлық үлгідегі ұйым ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасумен ақылы негізде арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлеміне облыстардың жергілікті өкілді органдары бекітетін тізбе мен тәртіпке сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерді алушының қаражаты есебінен ұсынады.

**Ескерту. 2-тарау 4-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Стационарлық үлгідегі ұйымдарда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін мынадай бөлімшелерді құру рұқсат етіледі:

өз бетінше тұруды сүйемелдеу қызметтерін ұсыну туралы шешім қабылданған он сегіз жастағы адамдарға, мүгедектігі бар адамдарға, қарттарға арналған, жоба қуаты 6-

дан 30-ға дейінгі орындары бар өз бетінше тұруды сүйемелдеу бөлімшілері (бұдан әрі – Бөлімше);

созылмалы үдемелі аурулар жағдайындағы немесе терминалды (соңғы) сатыдағы он сегіз жастан асқан адамдарды, мүгедектігі бар адамдарды, қарттарды үздіксіз бақылауға арналған паллиативті көмек палаталары (бөлімшелері);

өзіне дене зақымын келтіретін және (немесе) айналасындағыларға қауіп тудыратын және осы себептермен қосымша күтімге, күшейтілген бақылауға және (немесе) шұғыл медициналық көмекке мұқтаж балалар мен он сегіз жастан асқан адамдарға арналған дағдарыс палаталары (бөлімшелері) құрылуы мүмкін.

6. Стационарлық үлгідегі ұйымдар мынадай адамдардың тәулік бойы тұрақты немесе уақытша (үш айға дейінгі мерзімге) тұруына арналған:

1) мыналардың:

барлық дәрежедегі ақыл-ой кемістігі, оның ішінде білім беру ұйымдарында оқуды қиындататын (қозғалу қиындығына орай бөгде адамның көмегінсіз қозғалып жүре алмайтын, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын, жеке күтімді қажет ететін) жүріп-тұру функцияларының өрескел бұзылуының болуы;

барлық дәрежедегі ақыл-ой кемістігі бар, зағиптығы (нашар көру) немесе керемдігі (нашар есту), оның ішінде мамандандырылған мектеп интернаттардың қосымша сыныптарында оқуды қиындататын жүріп-тұру функцияларының өрескел бұзылуының болуы;

деменция болған кездегі (оның ішінде симптоматикалық) эпилепсия;

тұрақты кемістігі бар шизофрения;

этиологиясы әр түрлі деменция салдарынан стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж үш жастан он сегіз жасқа дейінгі балалар.

Стационарлық үлгідегі ұйымдарда балалардың тұруына:

жиі ұстамалы (айына бес рет және одан да көп), жиі генерализациялық ұстамаға, эпилептикалық статуска бейім эпилепсияның;

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлқы бұзылушылықтары;

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің, карантиндік инфекциялардың, тері мен шаштың жұқпалы ауруларының, венерологиялық аурулардың, жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының (бұдан әрі – ЖИТС);

мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді қажет ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады;

2) стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мұқтаж интеллекті сақталған үш жастан он сегіз жасқа дейінгі ТҚА бұзылған балалар.

ТҚА бұзылған балалардың стационарлық үлгідегі ұйымдарда тұруына:

барлық дәрежедегі ақыл-ой кемістігінің;

жиі эпилептиформалық ұстамалардың (айына бес рет және одан да көп);

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

қайтымсыз гидроцефалияның;

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің, карантиндік инфекциялардың, тері мен шаштың жұқпалы ауруларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС-тің;

мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді қажет ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады;

3) мыналардың:

барлық дәрежедегі ақыл-ой кемістігі, оның ішінде жүріп-тұру функцияларының өрескел бұзылуының (қозғалу қиындығына орай бөгде адамның көмегінсіз қозғалып жүре алмайтын, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын, жеке күтімді қажет ететін адамдар) болуы;

барлық дәрежедегі ақыл-ой кемістігі бар зағиптығы (нашар көру) немесе керемдігі (нашар есту), оның ішінде жүріп-тұру функцияларының өрескел бұзылуының болуы;

тұрақты кемістігі немесе деменциясы болған кездегі психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

деменция болған кездегі (оның ішінде симптоматикалық) эпилепсия;

этиологиясы әр түрлі деменция салдарынан стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж психоневрологиялық ауруы бар он сегіз жастан асқан бірінші, екінші топтағы адамдар.

Он сегіз жастан асқан адамдардың стационарлық үлгідегі ұйымдарда тұруына:

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің, карантинді инфекциялардың, тері мен шаштың жұқпалы ауруларының, ЖИТС-тің, жыныстық жолмен берілетін аурулардың;

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтарының;

жиі ұстамалы (айына бес рет және одан да көп), жиі генерализациялық ұстамаға, эпилептикалық статуска бейім эпилепсияның және этиологиясы басқа тырыспалы синдромның;

мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді қажет ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады;

4) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес өздерінің ата-аналарын, жұбайын (зайыбын)

асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) жоқ немесе объективті себептер бойынша (бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуына, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына, психикалық денсаулық орталығында есепте тұруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне, қосымша жұбайы (зайыбы) үшін – егде жаста болуына байланысты) оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз етпейтін еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) бар, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын және денсаулық жағдайына байланысты стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж мүгедектігі бар адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде (бұдан әрі Әлеуметтік кодекс) белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен, өзіне қызмет көрсете алмайтын және Кодекске сәйкес өздерінің ата-аналарын, жұбайын (зайыбын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) жоқ немесе объективті себептер бойынша (бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуына, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына, психикалық денсаулық орталығында есепте тұруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне, қосымша жұбайы (зайыбы) үшін – егде жаста болуына байланысты) оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз етпейтін еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) бар қарт адамдар.

Мүгедектігі бар адамдар мен қарттардың стационарлық үлгідегі ұйымдарда тұруына:

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің;

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

этиологиясы әртүрлі тырыспалы синдромдар (деменциясыз және жеке басының айқын білінетін өзгеруі жоқ, сирек ұстамасы бар (2-3 айда бір реттен артық емес) түрлерін қоспағанда);

карантиндік инфекциялардың, тері мен шаш жұқпалы ауруларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС-тің, сондай-ақ мамандандырылған медициналық ұйымдарда емдеуді қажет ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады.

7. Стационарлық үлгідегі ұйымдарда:

қызмет алушыларға үй жағдайына жақындатылған, жасы мен денсаулық жағдайына барынша барабар тыныс-тіршілік ету жағдайын жасау;



қызмет алушыларды стационарлық үлгідегі ұйымнан тыс жерлерде өз бетінше және ешкімнің көмегінсіз тұруға дайындау;

қызмет алушылардың тұру жағдайларын жақсарту, келушілерді қабылдау жағдайларын қамтамасыз ету;

қызмет алушылардың интернетке қолжетімділігі үшін жағдайлар жасау;

қызмет алушылардың жеке және құнды заттарының сақталуын қамтамасыз ету;

қызмет алушыларды және олардың отбасы мүшелерін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің көлемі мен түрлері, стационарлық үлгідегі ұйымдардағы ішкі тәртіп қағидалары туралы хабардар ету;

қамқорлыққа немесе қорғаншылыққа мұқтаж қызмет алушыларға қатысты стационарлық үлгідегі ұйымның әкімшілігіне жүктелген қамқоршылық және қорғаншылық функцияларын Кодекстің 122-бабының 4-тармағында, 125-бабында белгіленген тәртіппен орындау;

ғимаратты санитариялық-эпидемиологиялық, қауіпсіздік нормаларына, оның ішінде өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес ұстау;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес стационарлық ұйымдарда көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің тиісті сапасын қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаға қойылатын ең төменгі талаптарды сақтай отырып, ұйымдардың жабдықтары мен жиһаздарын қоса алғанда, техникалық жарақтандыру;

стационарлық үлгідегі ұйымның ғимаратын тұруға ыңғайлы болу, оған кедергісіз кіріп-шығуды, орынжай ішінде және ғимаратқа іргелес жатқан аумақта жүріп-тұруды қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес арнаулы құралдармен жабдықтау;

стационарлық үлгідегі ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес өзге де қызмет қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Стационарлық үлгідегі ұйымдарда қызмет алушыларға мынадай тұру шарттары ұсынылады:

1) қызмет алушылар бөлмелерге денсаулық жағдайына, жасы, жынысы және психологиялық үйлесімділігі ескеріліп орналастырылады. Стационарлық үлгідегі ұйымда тұратындар қатарындағы ерлі-зайыптыларға бірге тұру үшін жеке орынжай бөлінеді;

2) қызмет алушылардың стационарлық үлгідегі ұйымда уақытша болу жағдайында тұруы стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы қызмет алушымен не оның заңды өкілімен жасасатын шартпен ресімделеді, онда уақытша болу мерзімі, қызметтердің көлемі мен түрлері айқындалады.

9. Стационарлық үлгідегі ұйымда тұру тәртібі стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы бекітетін ішкі тәртіп қағидаларында айқындалады.

10. Стационарлық үлгідегі ұйым персоналының штат нормативтерін жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган немесе құрылтайшы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес стационарлық үлгідегі ұйымдардағы персоналдың ең төмен штат нормативтерін сақтап, бюджет қажеттіліктерін және мүмкіндіктерін ескере отырып бекітеді.

11. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында стационарлық үлгідегі ұйымдар бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Мыналар:

1) ұйымға іргелес аумақтың периметрі;

2) бас және қосалқы кіру есіктері;

3) жалпы пайдаланудағы үй-жайлар (орындар) мен кабинеттер бейнебақылау жүйесімен жабдықталады.

Жақын туыстарының өтініші бойынша бейнеқадағалауды көруге рұқсат беріледі.

12. Стационарлық үлгідегі ұйымдарда қызмет алушыларды есепке алу мынадай құжаттар бойынша жүргізіледі:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтерді алатын адамдарды және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарды тіркеудің электрондық журналы (бұдан әрі – электрондық журналы).

Электрондық журналды әлеуметтік қызметтер порталында (<http://aleumet.egov.kz>) (бұдан әрі – портал) стационарлық үлгідегі ұйым жүргізеді.

Электрондық журналда: қызмет алушылардың келуі, шығарылуы (шығарып жіберу), уақытша кетуі, басқа стационарлық үлгідегі ұйымға ауысуы, бұйрықтың нөмірі мен күні, шығару (шығарып жіберу) себебі, уақытша шығуы және арнаулы әлеуметтік қызметке мұқтаж кезек көрсетіледі.

Бұрын стационарлық үлгідегі ұйымнан шығып кеткен адам қайта түссе, оның деректері "түскен күні" деген бағанда электрондық журналына "қайта оралды" деген белгімен жазылады.

Бос орындар болмаған жағдайда стационарлық үлгідегі ұйым қызмет алушылардың өтініштерін электрондық журналға олардың келіп түсу ретімен тіркейді.

Электрондық журналға кезекке өтінімді қызметтерді алушы таңдалған стационарлық үлгідегі ұйымда бос орын болмаған кезде электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы порталда авторизациялау арқылы дербес береді.

Электрондық журналда мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының мерзімі өткен кезекте тұрған және электрондық журналда қайта куәландырудан өткен қызмет алушылардың өтініштері алдыңғы кезектің сақталуын

ескере отырып (стационарлық үлгідегі ұйымдарда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы болған кезде) порталда тіркеледі.

Он сегіз жасқа толған және стационарлық үлгідегі ұйымдарда тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға және (немесе) он сегіз жастан асқан адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін стационарлық үлгідегі ұйымға кезектен тыс қабылданады.

Көрсетілетін қызметті алушыға физикалық қабілеті стационарлық үлгідегі ұйымға белгіленген мерзімде келуге қабілетсіз болған жағдайда (сырқаттану, ауруханаға жатқызу) келу мерзімін күнтізбелік отыз күнге дейін бір рет ауыстыру мүмкіндігі беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының сырқаттануына, емдеуге жатқызылуына байланысты белгіленген мерзімде стационарлық үлгідегі ұйымға келуге физикалық қабілетсіздігі туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының, заңды өкілінің (кәмелетке толмағандар мен әрекетке қабілетсіз адамдар үшін) ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы стационарлық үлгідегі ұйымға жіберіледі.

Қызметтер алушы стационарлық үлгідегі ұйымға белгіленген мерзімде келмеген жағдайда стационарлық үлгідегі ұйым келесі қызмет алушыны ресімдейді;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызмет алушылардың жеке ісі (бұдан әрі – жеке іс).

Қызмет алушы стационарлық үлгідегі ұйымға түскен кезде қызмет алушылардың жеке ісі қалыптастырылады, ал жеке ісі болған жағдайда – оны жүргізу жалғастырылады.

Қызмет алушылардың жеке ісінде мынадай құжаттар сақталады:

қызмет алушының тұрғылықты жері бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "көшірмесі дұрыс" деген жазуы бар мөрімен куәландырылған қызмет алушының жазбаша өтінішінің көшірмесі, ал кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз адамдар үшін – заңды өкілінің жазбаша өтінішінің көшірмесі немесе медициналық ұйымның қолдаухатының көшірмесі;

қызмет алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) бар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі (қарттар үшін мүгедектігі бар болса);

амбулаториялық картадан немесе сырқатнамадан үзіндікөшірмесі бар медициналық карта;

мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасынан үзіндікөшірме (қарттар үшін абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы бар болса);

он сегіз жастан асқан адамдар үшін – соттың адамды әрекетке қабілетсіз деп тануы туралы шешімінің көшірмесі (бар болса);

қарттар үшін – зейнетақы куәлігінің көшірмесі;

Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, сондай-ақ жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлері, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында санамаланған қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылар үшін – көрсетілген адамдардың мәртебесін растайтын куәліктің немесе өзге құжаттың көшірмесі;

жергілікті атқарушы органның арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну туралы шешімі;

стационарлық үлгідегі ұйым әкімшілігіне сақтауға берілген құжаттар түпнұсқаларының алынғаны туралы қолхат;

стационарлық үлгідегі ұйымға қабылдануы туралы бұйрықтың көшірмесі;

егер жеке іс тиесілі адамға қатысты мәселе қаралған болса, мәдени-тұрмыстық комиссия отырыстарының хаттамаларынан үзіндікөшірмелер.

Жеке басты куәландыратын құжаттың, мүгедектік туралы анықтаманың, зейнетақы куәлігінің, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, сондай-ақ жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлері, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында санамаланған қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылардың мәртебесін растайтын куәліктің немесе өзге құжаттың, зейнетақы немесе әлеуметтік жәрдемақылар алуға арналған жеке кітапшаның түпнұсқалары тұратын адамның жазбаша келісімімен стационарлық үлгідегі ұйым әкімшілігінде сақталады.

Тұратын адамнан құжаттарды қабылдау құжаттарды қабылдаған адам мен құжаттарды сақтауға берген адамның қолымен расталған қабылдау-тапсыру актісі арқылы жүзеге асырылады.

Адам бір стационарлық үлгідегі ұйымнан басқа стационарлық үлгідегі ұйымға өткен (ауысқан) кезде онымен бірге қызмет алушының жеке ісі, ондағы құжаттардың тізімдемесімен қабылдау-тапсыру актісі бойынша беріледі. Қызмет алушының жеке ісіне оны шығару туралы бұйрықтың көшірмесі, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар), осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша жоспарын орындау (мониторингі) жөніндегі журнал (бұдан әрі – Мониторинг журналы) қоса беріледі;

3) жеке жоспар.

Қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін бағалау негізінде мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын ескере отырып, стационарлық үлгідегі ұйымның әлеуметтік жұмыскерлері, дәрігерлері, педагогтері

және мамандары (бұдан әрі – стационарлық үлгідегі ұйым мамандары) әрбір қызмет алушының әрқайсысына бір жылға дейінгі мерзімге жеке жоспар әзірлейді.

Қызмет алушылардың жеке жоспарлары қызмет алушыларды стационарлық үлгідегі ұйымдардың мамандары бақылағаннан кейін стационарлық үлгідегі ұйымға түскен күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде немесе алдыңғы жеке жоспардың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде әзірленеді, кейінгі бес жұмыс күні ішінде толтырылады және стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы бекітеді.

Жеке жоспардың іс-шаралары арнаулы әлеуметтік қызметтер түрінің әрқайсысы бойынша бөлек көрсетіледі және қызмет алушының жақсы жақтарын іздеуге және жандандыруға, позитивті ресурстарды анықтауға және өзіндік әлеуметтік орта дағдыларын қалпына келтіруге немесе қалыптастыруға бағытталған.

Әрбір көрсетілген іс-шара іске асыру мерзімін (апта, ай, тоқсан) қамтиды. Іс-шараны орындау бойынша жұмыстың көрсетілген кезеңі нақты мерзімдер арқылы жеке жоспарда көрсетіледі.

Стационарлық үлгідегі ұйым мамандары қажет болған жағдайда мониторинг қорытындысы бойынша қызмет алушылардың жеке жоспарларын түзетеді;

#### 4) Мониторинг журналы.

Қызмет алушылардың жағдайындағы өзгерістерді қадағалау және кейіннен онымен жұмыс жүргізуге арналған іс-шараларды түзету үшін қызмет алушының жеке жоспарына мониторинг жүргізіледі. Жеке жоспарға енгізілген іс-шаралардың сапалы орындалуына мониторингті стационарлық үлгідегі ұйымның әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы тоқсанына бір реттен жиі емес тәртіпте жүзеге асырады.

Қызмет алушылардың жағдайындағы өзгерістерді стационарлық үлгідегі ұйымның мамандары тоқсан сайын (қажет болған жағдайда ай сайын) қарауға тиіс.

Өткізілген іс-шараларды және тоқсан сайынғы мониторинг қорытындыларын стационарлық үлгідегі ұйымдардың мамандары Мониторинг журналында көрсетеді. Мәліметтер Мониторинг журналына тоқсан сайын, жеке жоспарға жүргізілген мониторингтен кейін бір жұмыс күні ішінде енгізіледі.

Мониторинг журналы әрбір қызмет алушыға жеке-жеке жүргізіледі.

Қызмет алушының жағдайындағы позитивті өзгерістер туралы белгі жеке жоспарда жоспарланған әрбір іс-шара бойынша жасалады.

Жүргізілген іс-шаралардан кейін қызмет алушылардың жағдайында өзгерістер болмаса, бұл туралы белгі қойылады.

Қызмет алушылардың жағдайында өзгерістер болған жағдайда, Мониторинг журналына белгілер ай сайын енгізіледі.

Жеке жоспарды түзету кезінде Мониторинг журналында қандай қызметтің түрі қайта қаралуға жататыны көрсетіледі, сондай-ақ қызмет алушының жағдайын жақсартуға бағытталған кейінгі іс-шараларды әзірлеу үшін ұсынымдар көрсетіледі.

Жыл қорытындысы бойынша Мониторинг журналы мен жеке жоспар қызмет алушының әрқайсысына бөлек жеке папкада бірге тігіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **3-тарау. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар қызметінің тәртібі**

13. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар:

- 1) күндіз болу бөлімшелері (орталықтары);
- 2) мүгедектігі бар адамдарға және (немесе) мүгедектігі бар балаларға арналған оналту орталығы;
- 3) мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға арналған аумақтық орталық;
- 4) жоба қуаттылығы 10-нан 50-ге дейінгі орындары бар сыйымдылығы шағын үйлер

13-1. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар өз қызметін Лицензия беру қағидаларына сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тарау 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-2. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар қызметі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркеліміне тіркелген күннен басталады.

Ескерту. 3-тарау 13-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-3. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдардың қызметі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды тіркеуден шығарған күннен бастап аяқталады.

Ескерту. 3-тарау 13-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-4. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар Қаржыландыру және мониторингтеу қағидаларына сәйкес қаржыландырылады.

Ескерту. 3-тарау 13-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-5. Жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жартылай стационарлық үлгідегі ұйым ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасумен ақылы негізде арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлеміне облыстардың жергілікті өкілді органдары бекітетін тізбе мен тәртіпке сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерді алушының қаражаты есебінен ұсынады.

Ескерту. 3-тарау 13-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар мынадай адамдардың тәуліктің күндізгі уақытында (бір күнде төрт сағаттан он сағатқа дейін), оңалту орталықтарында түнде болуын қамтамасыз етумен (қызмет алушы басқа елді мекенде тұрған жағдайда және (немесе) ТҚА бұзылған мүгедектігі бар адамдар үшін жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған:

1) мыналардың:

жеңіл және орташа дәрежедегі ақыл-ой кемістігінің, оның ішінде тиісті мамандандырылған мектеп интернаттарының көмекші сыныптарында оқуға қиындық туғызатын (қозғалу қиындығына орай бөгде адамның көмегінсіз қозғалып жүре алмайтын, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын, жеке күтімді қажет ететін) жүріп-тұру функцияларының өрескел бұзылуының болуы;

ауыр және күрделі дәрежедегі ақыл-ой кемістігінің;

этиологиясы әртүрлі деменция салдарынан жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі балалар.

Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда балалардың болуына:

жиі ұстамалы (айына бес рет және одан да көп), жиі генерализациялық ұстамаға, эпилептикалық статусқа бейім эпилепсияның;

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің, карантиндік инфекциялардың, тері мен шаштың жұқпалы ауруларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС-тің;

мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді талап ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады;

2) жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж ТҚА бұзылған мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде бір жарым жастан ТҚА бұзылған балалар (бұдан әрі – ТҚА бұзылған мүгедектігі бар адамдар мен балалар).

Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда ТҚА бұзылған мүгедектігі бар адамдар мен балалардың тұруына:

ауырлығы орташа және ауыр дәрежедегі ақыл-ой кемістігінің;

жиі эпилептиформалық ұстамалардың (айына бес рет және одан да көп);

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық

симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтарының;

қайтымсыз гидроцефалияның;

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің, карантиндік инфекциялардың, жұқпалы тері мен шаш ауруларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС-тің;

мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді талап ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады;

3) мыналардың:

жеңіл және орташа дәрежедегі ақыл-ой кемістігінің, оның ішінде жүріп-тұру функцияларының өрескел бұзылуының болуы (қозғалу қиындығына орай бөгде адамның көмегінсіз қозғалып жүре алмайтын, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын, жеке күтімді қажет ететін);

ауыр және күрделі дәрежедегі ақыл-ой кемістігінің;

тұрақты кемістігі немесе деменциясы болған кездегі психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

этиологиясы әр түрлі деменция;

деменция болған кездегі (оның ішінде симптоматикалық) эпилепсия салдарынан жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж он сегіз жастан асқан адамдар.

Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда он сегіз жастан асқан адамдарың болуына :

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

жиі ұстамалы (айына бес рет және одан да көп), жиі генерализациялық ұстамаға, эпилептикалық статуска бейім эпилепсияның және этиологиясы басқа тырыспалы синдромның;

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің, карантинді инфекциялардың, тері мен шаштың жұқпалы ауруларының, ЖИТС-тің, жыныстық жолмен берілетін аурулардың;

мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді талап ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады;

4) мүгедектігі бар адамдар және Әлеуметтік кодексте белгіленген зейнеткерлік жасқа толған, өзіне-өзі күтім көрсете алмайтын және денсаулық жағдайына байланысты жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж қарттар.

Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда тұруына:

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің;



өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтарының;

этиологиясы әртүрлі тырыспалы синдромдар (деменциясыз және жеке басының айқын білінетін өзгеруі жоқ, сирек ұстамасы болуы (2-3 айда бір реттен артық емес) түрлерін қоспағанда);

карантиндік инфекциялардың, тері мен шаш жұқпалы ауруларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС-тің, сондай-ақ мамандандырылған медициналық ұйымдарда емдеуді қажет ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады.

15. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда:

бейімделген мінез-құлық дағдыларын, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбек қызметінің дағдыларын қалыптастыруға қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму деңгейін арттыруға, әлеуметтендіруге және кіріктіруге бағдарланған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету;

қызмет алушылар мен олардың отбасы мүшелерін арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің көлемі мен түрлері, ішкі тәртіп қағидалары туралы хабардар ету;

жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның ғимаратын санитариялық-эпидемиологиялық нормаларға, қауіпсіздік, оның ішінде өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес ұстау;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жартылай стационарлық ұйымдарда көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің тиісті сапасын қамтамасыз ету үшін материалдық-техникалық базаға қойылатын ең төменгі талаптарды сақтай отырып, ұйымдардың жабдықтары мен жиһаздарын қоса алғанда, техникалық жарақтандыру;

жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның ғимаратында тұруға ынғайлы болу, оған кедергісіз кіріп-шығуды, орынжай ішінде және ғимаратқа іргелес жатқан аумақта жүріп-тұруды қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес арнаулы құралдармен жабдықтау;

жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес өзге де қызмет қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Болу шарттары қызмет алушылардың жоғары белсенділігі мен әлеуметтенуіне септігін тигізеді.

17. Егер жартылай стационарлық үлгідегі ұйым стационарлық үлгідегі ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылса, онда жартылай стационарлық үлгідегі

ұйымның қызмет алушыларына ғимаратқа жеке есіктен кіруге және бөлек болуға жағдай жасалады.

18. Қызмет алушыларға арнаулы әлеуметтік қызметтер, оңалту жөніндегі іс-шаралар олардың денсаулық жағдайын, жасын, жеке даму деңгейін, әлеуметтендіру, мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының (бар болса) мазмұнын, қызмет алушының жеке қажеттіліктері негізінде әзірленген жеке жұмыс жоспарын ескере отырып жүзеге асырылады.

19. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда болу тәртібі жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы бекітетін ішкі тәртіп қағидаларында айқындалады.

20. Уақытша болуға арналған оңалту орталықтарында оңалту іс-шараларын үздіксіз жүргізу мақсатында басқа қаладан келген қызмет алушылардың және (немесе) ТҚА бұзылған мүгедектігі бар адамдар үшін жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түнде болуына жағдай жасалады.

21. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйым персоналының штат нормативтерін жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган немесе құрылтайшы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдардағы персоналдың ең төмен штат нормативтерін сақтап, бюджет қажеттіліктерін және мүмкіндіктерін ескере отырып бекітеді.

22. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Мыналар:

1) ұйымға іргелес аумақтың периметрі;

2) бас және қосалқы кіру есіктері;

3) жалпы пайдаланудағы үй-жайлар (орындар) мен кабинеттер бейнебақылау жүйесімен жабдықталады.

Жақын туыстарының өтініші бойынша бейнеқадағалауды көруге рұқсат беріледі.

23. Жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда қызмет алушыларды есепке алу мынадай құжаттар бойынша жүргізіледі:

1) электрондық журнал.

Электрондық журналды порталда жартылай стационарлық үлгідегі ұйым осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

Электрондық журналда: бұйрықтың нөмірі мен күні, қызмет көрсетуді тоқтату, тоқтата тұру себептері және арнаулы әлеуметтік қызметке мұқтаж адамдар кезегі көрсетіле отырып, қызмет алушылардың келуі, тоқтатылуы, тоқтата тұруы, басқа жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға ауысуы белгіленеді.

Бұрын жартылай стационарлық үлгідегі ұйымнан шығып кеткен адам қайта түссе, оның деректері "түскен күні" деген бағанда электрондық журналына "қайта оралды" деген белгімен жазылады.

Бос орындар болмаған жағдайда жартылай стационарлық үлгідегі ұйым қызметтер алушылардың өтініштерін электрондық журналға олардың келіп түсу ретімен тіркейді.

Электрондық журналға кезекке өтінімді қызметтер алушы таңдалған жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда бос орын болмаған жағдайда порталда ЭЦҚ арқылы авторизациялау арқылы дербес береді.

Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының мерзімі өткен кезекке электрондық журналда тұрған және электрондық журналда қайта куәландырудан өткен қызметтер алушылардың өтініштері алдыңғы кезектің сақталуын ескере отырып (жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы болған кезде) порталда тіркеледі.

Қызметтер алушыға жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға белгіленген мерзімде (ауру, емдеуге жатқызу) келуге физикалық қабілеті болмаған жағдайда келу мерзімін қосымша күнтізбелік он күнге дейін бір рет ауыстыру мүмкіндігі беріледі.

Қызмет алушының науқастануына, ауруханаға жатқызылуына байланысты белгіленген мерзімде жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға келуге физикалық қабілетсіздігі туралы хабарлама жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға қызмет алушының, заңды өкілінің (кәмелетке толмағандар мен әрекетке қабілетсіз адамдар үшін) ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы жіберіледі.

Қызмет алушы жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарға белгіленген мерзімде келмеген жағдайда, жартылай стационарлық үлгідегі ұйым келесі қызмет алушыны ресімдейді;

2) жеке іс.

Қызмет алушы жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға түскен кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке іс қалыптастырылады, ал жеке ісі болған жағдайда – оны жүргізу жалғастырылады.

Қызмет алушылардың жеке ісінде мынадай құжаттар сақталады:

қызмет алушының тұрғылықты жері бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "көшірмесі дұрыс" деген жазуы бар мөрімен куәландырылған қызмет алушының жазбаша өтінішінің көшірмесі, ал кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз адамдар үшін – заңды өкілінің жазбаша өтінішінің көшірмесі немесе медициналық ұйымның қолдаухатының көшірмесі;

қызмет алушының ЖСН бар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі (қарттарға мүгедектігі бар болса);

медициналық карта;

мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасынан үзіндікөшірме (қарттар үшін абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы бар болса);

он сегіз жастан асқан адамдар үшін – соттың адамды әрекетке қабілетсіз деп тану туралы шешімінің көшірмесі (бар болса);

қарттар үшін – зейнетақы куәлігінің көшірмесі;

Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, сондай-ақ жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлері, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында санамаланған қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылар үшін – көрсетілген адамдардың мәртебесін растайтын куәліктің немесе өзге құжаттың көшірмесі;

жергілікті атқарушы органның арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну туралы шешімі;

жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға қабылдануы туралы бұйрықтың көшірмесі

Адам бір жартылай стационарлық үлгідегі ұйымнан басқа жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға өткен (ауысқан) кезде онымен бірге қызмет алушының жеке ісі, ондағы құжаттардың тізімдемесімен қабылдау-тапсыру актісі бойынша беріледі. Қызмет алушының жеке ісіне оны шығару туралы бұйрықтың көшірмесі, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке жоспар, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мониторинг журналы қоса беріледі;

3) жеке жоспар.

Қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін бағалау негізінде мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасын ескере отырып, жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның мамандары күндіз болуға арналған жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда болатын әрбір қызмет алушыға бір жылдан аспайтын мерзімге, ал уақытша болуға арналған жартылай стационарлық үлгідегі ұйымда болатын қызмет алушыға болу кезеңіндегі мерзімге жеке жоспарды әзірлейді.

Жеке жоспарлар қызмет алушыларды жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдардың мамандары бақылағаннан кейін жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде немесе алдыңғы жеке жоспардың қолданылу мерзімі аяқталған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде әзірленеді, кейінгі үш жұмыс күні ішінде толтырылады және жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның басшысы бекітеді.

Жеке жоспардың іс-шаралары арнаулы әлеуметтік қызметтер түрінің әрқайсысы бойынша бөлек көрсетіледі және қызмет алушының жақсы жақтарын іздеуге және жандандыруға, позитивті ресурстарды анықтауға және өзіндік әлеуметтік орта дағдыларын қалпына келтіруге немесе қалыптастыруға бағытталған.

Әрбір көрсетілген іс-шара іске асыру мерзімін (апта, ай, тоқсан) қамтиды. Іс-шараны орындау бойынша жұмыстың көрсетілген кезеңі нақты мерзімдер арқылы жеке жоспарда көрсетіледі.

Ұйым мамандары қажет болған жағдайда мониторинг қорытындысы бойынша қызмет алушылардың жеке жоспарларын түзетеді;

#### 4) Мониторинг журналы.

Қызмет алушылардың жағдайындағы өзгерістерді қадағалау және кейіннен онымен жұмыс жүргізуге арналған іс-шараларды түзету үшін қызмет алушының жеке жоспарына мониторинг жүргізіледі. Жеке жоспарға енгізілген іс-шаралардың сапалы орындалуына мониторингті жартылай стационарлық үлгідегі ұйымның әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы тоқсанына бір реттен жиі емес тәртіпте жүзеге асырады.

Қызмет алушылардың жағдайындағы өзгерістерді жартылай стационарлық үлгідегі ұйым мамандары тоқсан сайын (қажет болған жағдайда ай сайын) қарауға тиіс.

Өткізілген іс-шараларды және тоқсан сайынғы мониторинг қорытындыларын жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдардың мамандары Мониторинг журналында көрсетеді. Мәліметтер Мониторинг журналына тоқсан сайын, жеке жоспарға жүргізілген мониторингтен кейін бір жұмыс күні ішінде енгізіледі.

Мониторинг журналы әрбір қызмет алушыға жеке-жеке жүргізіледі.

Қызмет алушының жағдайындағы позитивті өзгерістер туралы белгі жеке жоспарда жоспарланған әрбір іс-шара бойынша жасалады.

Жүргізілген іс-шаралардан кейін қызмет алушылардың жағдайында өзгерістер болмаса, бұл туралы белгі қойылады.

Қызмет алушылардың жағдайында өзгерістер болған жағдайда, Мониторинг журналына белгілер ай сайын енгізіледі.

Жеке жоспарды түзету кезінде Мониторинг журналында қандай қызметтің түрі қайта қаралуға жататыны көрсетіледі, сондай-ақ қызмет алушының жағдайын жақсартуға бағытталған кейінгі іс-шараларды әзірлеу үшін ұсынымдар көрсетіледі.

Жыл қорытындысы бойынша Мониторинг журналы мен жеке жоспар қызмет алушының әрқайсысына бөлек жеке папкада бірге тігіледі.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-тарау. Үйде қызмет көрсету ұйымдары қызметінің тәртібі**

24. Үйде қызмет көрсету ұйымдары үйде әлеуметтік көмек көрсету қызметі/бөлімшесі ретінде құрылады.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24-1. Үйде қызмет көрсету ұйымдары өз қызметін Лицензия беру қағидасына сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тарау 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-2. Үйде қызмет көрсету ұйымдар қызметі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркеліміне тіркелген күннен басталады.

Ескерту. 4-тарау 24-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-3. Үйде қызмет көрсету ұйымдардың қызметі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды тіркеуден шығарған күннен бастап аяқталады.

Ескерту. 4-тарау 24-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-4. Үйде қызмет көрсету ұйымдары Қаржыландыру және мониторингтеу қағидаларына сәйкес қаржыландырылады.

Ескерту. 4-тарау 24-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24-5. Жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес үйде қызмет көрсету ұйым ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасумен ақылы негізде арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлеміне облыстардың жергілікті өкілді органдары бекітетін тізбе мен тәртіпке сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерді алушының қаражаты есебінен ұсынады.

Ескерту. 4-тарау 24-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Үйде қызмет көрсету жағдайындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер мынадай адамдарға тәуліктің күндізгі уақытында ұсынылады:

1) мыналардың:

жеңіл және орташа дәрежедегі ақыл-ой кемістігінің, оның ішінде арнайы білім беру түзету ұйымдарының (мектеп-интернаттардың) арнайы (көмекші) сыныптарында оқуға қиындық туғызатын (қозғалу қиындығына орай бөгде адамның көмегінсіз қозғалып жүре алмайтын, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын, жеке күтімді қажет ететін) жүріп-тұру функцияларының өрескел бұзылуы, есту, көру, сөйлеу қабілеттерінің анық білінетін бұзушылықтарымен, тырысқақтық ұстамамен, мінез-құлқындағы ауытқушылықтармен асқынуы;

ауыр және күрделі дәрежедегі ақыл-ой кемістігі;

этиологиясы әр түрлі деменция салдарынан үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі балалар.

2) өздігінен жүріп-тұруының және өзіне-өзі қызмет көрсетудің бірінші және екінші деңгейде шектелуіне әкелген ТҚА айқын немесе едәуір (өрескел) бұзылған мүгедектігі бар балалар.

Балаларға және ТҚА бұзылған балаларға үйде қызмет көрсетуге:

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің, карантиндік инфекциялардың, тері мен шаштың жұқпалы ауруларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС-тің;

мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді қажет ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады;

3) мыналардың:

жеңіл және орташа дәрежедегі ақыл-ой кемістігінің, оның ішінде жүріп-тұру функцияларының өрескел бұзылуы (қозғалу қиындығына орай бөгде адамның көмегінсіз қозғалып жүре алмайтын, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын, жеке күтімді қажет ететін);

ауыр және күрделі дәрежедегі ақыл-ой кемістігі;

тұрақты кемістігі немесе деменциясы болған кездегі психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

этиологиясы әр түрлі деменция;

деменция болған кездегі (оның ішінде симптоматикалық) эпилепсия салдарынан үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж он сегіз жастан асқан адамдар.

Он сегіз жастан асқан адамдарға үйде қызмет көрсетуге:

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің, карантиндік инфекциялардың, тері мен шаштың жұқпалы ауруларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС-тің;

мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді талап ететін аурулардың;

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

жиі ұстамалы (айына бес рет және одан да көп), жиі генерализациялық ұстамаға, эпилептикалық статуска бейім эпилепсияның және этиологиясы басқа тырыспалы синдромның болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады;

4) Кодекске сәйкес өздерінің ата-аналарын, жұбайын (зайыбын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) жоқ немесе объективті себептер бойынша (бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуына, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына, психикалық денсаулық орталығында есепте тұруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне немесе басқа елді мекенде тұруына, қосымша жұбайы (зайыбы) үшін – егде жаста болуына байланысты) оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз етпейтін еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) бар, өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын және денсаулық жағдайына байланысты үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж мүгедектігі бар адамдар;

5) Әлеуметтік кодексте белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен, Кодекске сәйкес өздерінің ата-аналарын, жұбайын (зайыбын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) жоқ немесе объективті себептер бойынша (бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуына, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына, психикалық денсаулық орталығында есепте тұруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне немесе басқа елді мекенде тұруына, қосымша жұбайы (зайыбы) үшін – егде жаста болуына байланысты), сондай-ақ отбасы ішінде жанжал болған жағдайда оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз етпейтін еңбек етуге қабілетті кәмелетке толған балалары, жұбайы (зайыбы) бар, өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ және денсаулық жағдайына байланысты үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж қарт адамдар.

Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға үйде қызмет көрсетуге:

белсенді процесс сатысындағы туберкулездің;

өзіне және (немесе) айналасындағыларға қауіпті, мінез-құлқы мен қызығушылығының өрескел бұзылуына және (немесе) жіті психотикалық симптоматикаға (сандырақ, галлюцинация) ұштасатын психикалық және мінез-құлық бұзылушылықтары;

этиологиясы әртүрлі тырыспалы синдромдар (деменциясыз және жеке басының айқын білінетін өзгеруі жоқ, сирек ұстамасы бар (2-3 айда бір реттен артық емес) түрлерін қоспағанда);

карантиндік инфекциялардың, тері мен шаш жұқпалы ауруларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС-тің, сондай-ақ мамандандырылған медициналық ұйымдарда емдеуді қажет ететін аурулардың болуы медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады.

26. Үйде қызмет көрсету ұйымдарда:



қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму, әлеуметтену және интеграциялану деңгейін арттыруға бағдарланған арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету;

үйде қызмет көрсетуге мұқтаж қызмет алушыларды анықтау және есепке алу;

қызмет алушылар мен оның отбасы мүшелерін әлеуметтік қызмет көрсетудің көлемі мен түрлері туралы хабардар ету;

үйде қызмет көрсету ұйымының құрылтай құжаттарына сәйкес өзге де қызметтер қамтамасыз етіледі.

27. Үйде қызмет көрсету ұйымы персоналының штат нормативтерін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі немесе құрылтайшы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес үйде қызмет көрсету ұйымдарындағы персоналдың ең төмен штат нормативтерін сақтап, бюджет қажеттіліктерін және мүмкіндіктерін ескере отырып бекітеді.

28. Үйде қызмет көрсету ұйымдарда қызмет алушыларды есепке алу мынадай құжаттар бойынша жүргізіледі:

1) электрондық журнал.

Электрондық журналды порталда үйде қызмет көрсету ұйымы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

Электрондық журналда: қызметтер алушыларды есепке алу, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді тоқтату, тоқтата тұру, шешімнің нөмірі мен күнін, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді тоқтату, тоқтата тұру себептерін көрсете отырып белгіленеді.

Бұрын үйде қызмет көрсету ұйымынан шығып кеткен адам қайта түссе, оның деректері "түскен күні" деген бағанда электрондық журналына "қайта оралды" деген белгімен жазылады;

Бос орын болмаған жағдайда үйде қызмет көрсету ұйымы қызметтер алушылардың өтініштерін электрондық журналға олардың келіп түсу ретімен тіркейді.

Электрондық журналға кезекке өтінімді қызметтер алушы таңдалған үйде қызмет көрсету ұйымында бос орындар болмаған кезде порталда ЭЦҚ арқылы авторизациялау арқылы дербес береді.

Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының мерзімі өткен электрондық журналда кезекке тұрған және электрондық журналда қайта куәландырудан өткен қызметтер алушылардың өтініштері алдыңғы кезектің сақталуын ескере отырып (үйде қызмет көрсету ұйымында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы болған кезде) порталда тіркеледі;

2) жеке іс.

Қызмет алушы үйде қызмет көрсету ұйымына түскен кезде қызмет алушылардың жеке ісі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады, ал жеке ісі болған жағдайда – оны жүргізу жалғастырылады.

Қызмет алушылардың жеке ісінде мынадай құжаттар сақталады:

қызмет алушының тұрғылықты жері бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар жөніндегі уәкілетті органының "көшірмесі дұрыс" деген жазуы бар мөрімен куәландырылған қызмет алушының жазбаша өтінішінің көшірмесі, ал кәметке толмаған және әрекетке қабілетсіз адамдар үшін – заңды өкілінің жазбаша өтінішінің көшірмесі;

қызмет алушының ЖСН бар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі (қарттарға мүгедектігі бар болса);

медициналық карта;

мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірме (қарттар үшін абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы бар болса);

он сегіз жастан асқан адамдар үшін – соттың адамды әрекетке қабілетсіз деп тануы туралы шешімінің көшірмесі (бар болса);

қарттар үшін – зейнетақы куәлігінің көшірмесі;

Ұлы Отан соғысының ардагерлері, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, сондай-ақ жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлері, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 8-бабының 1) тармақшасында санамаланған қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылар үшін – көрсетілген адамдардың мәртебесін растайтын куәліктің немесе өзге құжаттың көшірмесі;

жергілікті атқарушы органның арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну туралы шешімі;

Қызмет алушы бір үйде қызмет көрсету ұйымынан басқа ұйымға өткен (ауысқан) кезде онымен бірге қызмет алушының жеке ісі істегі құжаттардың тізімдемесімен қабылдау-тапсыру актісі бойынша қоса беріледі. Қызмет алушының жеке ісіне оны шығару туралы бұйрықтың көшірмесі, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке жоспар, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мониторинг журналы қоса беріледі;

3) жеке жоспар.

Қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін бағалау негізінде мүгедекті жеке оңалту бағдарламасын ескере отырып, үйде қызмет көрсететін ұйымның әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты, күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкері және мамандары (бұдан әрі – үйде қызмет көрсету ұйымы мамандары) қызмет алушының әрқайсысына бір жылға дейінгі мерзімге жеке жоспар әзірлейді.

Жеке жоспарлар қызмет алушыларды үйде қызмет көрсету ұйымының мамандары бақылағаннан кейін үйде қызмет көрсету ұйымына есепке қабылданған күннен бастап

он жұмыс күні ішінде немесе алдыңғы жеке жоспардың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде әзірленеді, кейінгі үш жұмыс күні ішінде толтырылады және үйде қызмет көрсету ұйымының басшысы бекітеді.

Жеке жоспардың іс-шаралары арнаулы әлеуметтік қызметтер түрінің әрқайсысы бойынша бөлек көрсетіледі және қызмет алушының жақсы жақтарын іздеуге және жандандыруға, позитивті ресурстарды анықтауға және өзіндік әлеуметтік орта дағдыларын қалпына келтіруге немесе қалыптастыруға бағытталған.

Әрбір көрсетілген іс-шара іске асыру мерзімін (апта, ай, тоқсан) қамтиды. Іс-шараны орындау бойынша жұмыстың көрсетілген кезеңі нақты мерзімдер арқылы жеке жоспарда көрсетіледі;

#### 4) Мониторинг журналы.

Қызмет алушылардың жағдайындағы өзгерістерді қадағалау және кейіннен онымен жұмыс жүргізуге арналған іс-шараларды түзету үшін қызмет алушының жеке жоспарына мониторинг жүргізіледі.

Жеке жоспарға енгізілген іс-шаралардың сапалы орындалуына мониторингті үйде қызмет көрсету ұйымының әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы тоқсанына бір реттен жиі емес тәртіпте жүзеге асырады.

Қызмет алушылардың жағдайындағы өзгерістерді үйде қызмет көрсету ұйымының мамандары тоқсан сайын (қажет болған жағдайда ай сайын) қарауға тиіс.

Өткізілген іс-шараларды және тоқсан сайынғы мониторинг қорытындыларын үйде қызмет көрсету ұйымының мамандары Мониторинг журналында көрсетеді. Мәліметтер Мониторинг журналына тоқсан сайын, жеке жоспарға жүргізілген мониторингтен кейін бір жұмыс күні ішінде енгізіледі.

Мониторинг журналы әрбір қызмет алушыға жеке-жеке жүргізіледі.

Қызмет алушының жағдайындағы позитивті өзгерістер туралы белгі жеке жоспарда жоспарланған әрбір іс-шара бойынша жасалады.

Жүргізілген іс-шаралардан кейін қызмет алушылардың жағдайында өзгерістер болмаса, бұл туралы белгі қойылады.

Қызмет алушылардың жағдайында өзгерістер болған жағдайда, Мониторинг журналына белгілер ай сайын енгізіледі.

Жеке жоспарды түзету кезінде Мониторинг журналында қандай қызметтің түрі қайта қаралуға жататыны көрсетіледі, сондай-ақ қызмет алушының жағдайын жақсартуға бағытталған кейінгі іс-шараларды әзірлеу үшін ұсынымдар көрсетіледі.

Жыл қорытындысы бойынша Мониторинг журналы мен жеке жоспар қызмет алушының әрқайсысына бөлек жеке папкада бірге тігіледі.

**Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 5-тарау. Уақытша болу ұйымдары қызметінің тәртібі

29. Уақытша болу ұйымдары келесі түрде құрылады:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде тұрған белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға әлеуметтік бейімдеу орталықтары түнде болу үйлері;

2) адам саудасының құрбандарына, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына дағдарыс орталықтары әлеуметтік бейімдеу орталықтары приют.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2024 № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-1. Уақытша болу ұйымдары өз қызметін Лицензия беру қағидаларына сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тарау 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-2. Уақытша болу ұйымдары қызметі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркеліміне тіркелген күннен басталады.

Ескерту. 5-тарау 29-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-3. Уақытша болу ұйымдарының қызметі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды тіркеуден шығарған күннен бастап аяқталады.

Ескерту. 5-тарау 29-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-4. Уақытша болу ұйымдары Қаржыландыру және мониторингтеу қағидаларына сәйкес қаржыландырылады.

Ескерту. 5-тарау 29-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-5. Жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес уақытша болу ұйымы ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасасумен ақылы негізде арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген көлеміне облыстардың жергілікті өкілді органдары бекітетін тізбе мен тәртіпке сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерді алушының қаражаты есебінен ұсынады.

Ескерту. 5-тарау 29-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 06.03.2025 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Уақытша болу ұйымдарына кәметке толған қызмет алушыларды, оның ішінде түрлі себептер бойынша жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ, баспанасы болмаған немесе одан айырылып қалған, сондай-ақ адам саудасының құрбаны және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны ретінде анықталған және сәйкестендірілген адамдарды қабылдайды.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2024 № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Мыналардың:

1) науқастың өзіне және айналасындағылар үшін қауіпті мінез-құлқының өрескел бұзылуына ұштасатын психикалық аурулардың;

2) белсенді процесс сатысындағы туберкулез, инфекциялық аурулардың, карантиндік инфекциялардың;

3) алкогольдік, есірткіге мастану күйінде болу;

4) паллиативтік көмек қызметі мен мейіргердің күтімі қажет аурулардың терминалды (соңғы) сатысы;

5) мамандандырылған медициналық ұйымдарда стационарлық емдеуді қажет ететін аурулардың және (немесе) жарақаттардың болуы қызмет алушылардың уақытша болу ұйымдарында болуына медициналық қарсы көрсетілімдер болып табылады.

Жоғарыда аталған медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдар денсаулық сақтаудың тиісті ұйымдарына жіберілуге жатады.

33. Уақытша болу ұйымдарда:

көрсетілетін қызметтерді алушыларды сәйкестендіру

қызмет алушыларға жедел әлеуметтік көмек және қолдау көрсету;

қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму, әлеуметтік-еңбекке бейімделу деңгейін арттыруға бағдарланған арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету;

қызмет алушыларды арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің көлемі мен түрлері, уақытша болу ұйымның ішкі тәртіп қағидалары туралы хабардар ету;

арнаулы әлеуметтік қызметке мұқтаж белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды анықтау және оларды уақытша болу ұйымына жеткізуді мобильді әлеуметтік патруль қызметі жүзеге асырады;

ғимаратты санитариялық-эпидемиологиялық, қауіпсіздік нормаларына, оның ішінде өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес ұстау;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес уақытша болу ұйымдарда көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің тиісті сапасын қамтамасыз ету үшін

материалдық-техникалық базаға қойылатын ең төменгі талаптарды сақтай отырып, ұйымдардың жабдықтары мен жиһаздарын қоса алғанда, техникалық жарактандыру;

уақытша болу ұйымының ғимаратын тұруға ыңғайлы болу, оған кедергісіз кіріп-шығуды, орынжай ішінде және ғимаратқа іргелес жатқан аумақта жүріп-тұруды қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес арнаулы құралдармен жабдықтау;

уақытша болу ұйымының құрылтай құжаттарына сәйкес өзге де қызмет қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2024 № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Уақытша болу ұйымында тұру шарттары:

1) қызмет алушылар бөлмелерге денсаулық жағдайына, жынысы және психологиялық үйлесімділігі ескеріліп орналастырылады;

2) жоғалтылған әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіргісі келетін қызмет алушылардың уақытша болу ұйымында тәулік бойы тұру ұзақтығы бір жылдан аспайды.

35. Уақытша болу ұйымында тұру тәртібі уақытша болу ұйымының басшысы бекітетін ішкі тәртіп қағидаларында айқындалады.

36. Уақытша болу ұйымы персоналының штат нормативтерін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі немесе құрылтайшы бюджет мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеріп, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес уақытша болу ұйымдарындағы персоналдың ең аз штат нормативтерін сақтап бекітеді.

37. Уақытша болу ұйымдарда қызмет алушыларды есепке алу мынадай құжаттар бойынша жүргізіледі:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақытша болу ұйымында қызмет алушыларды тіркеу карточкасы (бұдан әрі – Тіркеу карточкасы).

Уақытша болу ұйымының мамандары уақытша болу ұйымына келіп түсетін адамды медициналық тексеруден және санитариялық өңдеуден, киімдері мен жеке заттарын дезинфекциялаудан өткізгеннен кейін қызмет алушылардың Тіркеу карточкасына толтырылады және электрондық журналына тіркейді;

2) электрондық журнал.

Электрондық тіркеу журналын порталда уақытша болу ұйымы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

Электрондық журналда: қызмет алушылардың келуі, шығарылуы (шығарып жіберу), уақытша кетуі, басқа уақытша болу ұйымға ауысуы, бұйрықтың нөмірі мен күні, шығару (шығарып жіберу), уақытша шығуы себебі көрсетіледі.

Бұрын уақытша болу ұйымынан шығып кеткен адам қайта түссе, оның деректері "түскен күні" деген бағанда электрондық журналына "қайта оралды" деген белгімен жазылады;

### 3) жеке іс.

Қызмет алушы уақытша болу ұйымына түскен кезде (тәулік бойы тұрақты немесе уақытша тұруға арналған (бір жылға дейін) қызмет алушылардың жеке ісі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады, ал жеке ісі болған жағдайда – оны жүргізу жалғастырылады.

Қызмет алушылардың жеке ісінде мынадай құжаттар сақталады:

қызмет алушының жазбаша өтініші;

қызмет алушының ЖСН бар, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (бар болса);

оңалту туралы шарт;

уақытша болу ұйымына тіркеу туралы бұйрықтың көшірмесі.

Қызмет алушылардың жеке ісін уақытша болу ұйымы қызмет алушы уақытша болу ұйымына түскен сәттен бастап және ол шыққанға дейін оның әрқайсысына жүргізеді.

Қызмет алушы бір уақытша болу ұйымынан екінші уақытша болу ұйымына өткен (ауысқан) кезде қызмет алушының жеке ісі істегі құжаттардың тізімдемесімен қабылдау-тапсыру актісі бойынша бірге беріледі. Қызмет алушының жеке ісіне оны шығару туралы бұйрықтың көшірмесі, оңалту туралы шарты, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке жоспар, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мониторинг журналы қоса беріледі.

### 4) жеке жоспар.

Қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін бағалау негізінде уақытша болу ұйымының әлеуметтік жұмыскерлері, дәрігерлері, психологтары және мамандары әрбір қызмет алушының әрқайсысына бір жылға дейінгі мерзімге жеке жоспар әзірлейді.

Қызмет алушылардың жеке жоспарлары қызмет алушылар уақытша болу ұйымына түскен күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде немесе алдыңғы жеке жоспардың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде әзірленеді, кейінгі екі жұмыс күні ішінде толтырылады және уақытша болу ұйымның басшысы бекітеді.

Жеке жоспардың іс-шаралары арнаулы әлеуметтік қызметтер түрінің әрқайсысы бойынша бөлек көрсетіледі және туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеруге және өзіндік әлеуметтік орта дағдыларын қалпына келтіруге немесе қалыптастыруға бағытталған.

Әрбір көрсетілген іс-шара іске асыру мерзімін (апта, ай, тоқсан) қамтиды. Іс-шараны орындау бойынша жұмыстың көрсетілген кезеңі нақты мерзімдер арқылы жеке жоспарда көрсетіледі.

Уақытша болу ұйымының мамандары мониторинг қорытындысы бойынша қызмет алушылардың жеке жоспарларын түзетеді;

5) мониторинг журналы.

Қызмет алушылардың жағдайындағы өзгерістерді қадағалау және кейіннен онымен жұмыс жүргізуге арналған іс-шараларды түзету үшін қызмет алушының жеке жоспарына мониторинг жүргізіледі. Жеке жоспарға енгізілген іс-шаралардың сапалы орындалуына мониторингті уақытша болу ұйымының әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы тоқсанына бір реттен жиі емес тәртіпте жүзеге асырады.

Қызмет алушылардың жағдайындағы өзгерістерді уақытша болу ұйымының мамандары тоқсан сайын қарауға тиіс.

Өткізілген іс-шараларды және тоқсан сайынғы мониторинг қорытындыларын уақытша болу ұйымының мамандары Мониторинг журналында көрсетеді. Мәліметтер Мониторинг журналына тоқсан сайын, жеке жоспарға жүргізілген мониторингтен кейін бір жұмыс күні ішінде енгізіледі.

Мониторинг журналы әрбір қызмет алушыға жеке-жеке жүргізіледі.

Қызмет алушының жағдайындағы позитивті өзгерістер туралы белгі жеке жоспарда жоспарланған әрбір іс-шара бойынша жасалады.

Жүргізілген іс-шаралардан кейін қызмет алушылардың жағдайында өзгерістер болмаса, бұл туралы белгі қойылады.

Қызмет алушылардың жағдайында өзгерістер болған жағдайда, Мониторинг журналына белгілер ай сайын енгізіледі.

Жеке жоспарды түзету кезінде Мониторинг журналында қандай қызметтің түрі қайта қаралуға жататыны көрсетіледі, сондай-ақ қызмет алушының жағдайын жақсартуға бағытталған кейінгі іс-шараларды әзірлеу үшін ұсынымдар көрсетіледі.

Жыл қорытындысы бойынша Мониторинг журналы мен жеке жоспар қызмет алушының әрқайсысына бөлек жеке папкада бірге тігіледі.

**Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2024 № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Арнаулы әлеуметтік қызметтер  
көрсететін ұйымдар  
қызметінің қағидаларына  
1-қосымша

**Стационарлық үлгідегі ұйымдардағы персоналдың ең төмен штат нормативтері**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



№	Лауазы м атауы	Қызмет алушылардың саны										
		6-30 <sup>1</sup>	25-ке дейін	26-50	51-100	101-150	151-200	201-250	251-300	301-400	401-500	500-ден артық
Басшы жұмыскерлер мен қызмет көрсетуші-шаруашылық персоналдың штат нормативтері												
1.	Директор	-	мекемеге 1 бірлік									
2.	Директордың әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары	-	-	-	-	-	1	1	1	1	1	1
3.	Директордың әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары	-	-	мекемеге 1 бірлік								
4.	Бас бухгалтер	-	мекемеге 1 бірлік									
5.	Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметті талдау жөніндегі экономист	-	-	-	0,5	1	1	1	1	1	1	1
6.	Бухгалтер	-	-	1	1	1	1	1	1	1	1	1
7.	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі	-	0,5	мекемеге 1 бірлік								

	менеджер			0,5								
8.	Кадрлар жөніндегі инспектор	-	0,5	0,5	1	1	1	1	2	2	3	3
9.	Бөлім шеңбер ушісі	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
10.	Шаруашылық шеңбер ушісі	-	мекемеге 1 бірлік									
11.	Қойма шеңбер ушісі	-	-	-	мекемеге 1 бірлік							
12.	Қойма (көкөніс сақтау қоймасы) шеңбер ушісі (азық-түлік қоймасы, көкөніс сақтау қоймасы болса)	-	-	-	мекемеге 1 бірлік							
13.	Хатшы - машинистка (референт)	-	0,5	0,5	мекемеге 1 бірлік							
14.	Дезинфектор	-	0,5	0,5	0,5	1	1	1,5	2	2	2	2
15.	Вахтер	-	-	-	мекемеге 1 бірлік							
16.	Лифтер (лифт болса)	-	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 101-бабы 7-тармағына сәйкес бекітілген әкімшілік және қоғамдық ғимараттарда қызмет көрсетумен айналысатын жұмыскерлер саны бойынша салааралық үлгілік нормативтерге сәйкес (бұдан әрі – үлгілік нормативтер)									

17.	Күзетші	-	3	3	мекемеге 4 бірлік
18.	Жүргізуші	-	1 техникалық жүріп тұрған көлік құралына 1 бірлік		
19.	Тракторшы (трактор болса)	-	1 техникалық жүріп тұрған көлік құралына 1 бірлік		
20.	Бағбан (тазаланатын алаң 0,75 га кем емес)	-	мекемеге 1 бірлік		
21.	Аула сыпырушы	-	Үлгілік нормативтерге сәйкес		
22.	Слесарь-сантехник	-	Үлгілік нормативтерге сәйкес		
23.	Электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электромонтер	-	Үлгілік нормативтерге сәйкес		
24.	Электр-газ дәнекерлеуші	-	Үлгілік нормативтерге сәйкес		
25.	Қосалқы жұмысшы	-	Үлгілік нормативтерге сәйкес		
	Ғимараттар мен орынжайларды ағымда				

<p>26. Ғ ы жөнде у және қызмет көрсет у жөнінд егі жұмыс шы (  ағаш ұстасы , ағаш шебері )</p>	-	Үлгілік нормативтерге сәйкес		
<p>27. Г а з тектес, сұйық және қатты отынм е н жанат ын, электр мен ысып істейті н қазанд ықтарғ а қызмет көрсет умен айналы сатын жұмыс шылар</p>	-	Үлгілік нормативтерге сәйкес		
<p>28. Қазылғ а н орлард а н қатты шөгінд ілерде н болған қоқыст ы шығар у жөнінд егі</p>	-	-	-	

	тасушы				4 бірлік кәріз болмаған жағдайда және егер қазылған орларды тазарту орталықтандырылған тәртіпте жүргізілмесе								
29.	Су сорғы станциясы машинисі (моторшысы)	-	-	-	мекемеге 1 бірлік								
Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері													
30.	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	1	1,5	2	2,5	3,5	4,5	5,5	6,5	8	9,5	10	
Әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері													
31.	Шашта раз 1, 3, 4 (жабдықталған шашта раз бар болса)	-	0,5	0,5	әдеттегі шашта раздарда қызмет көрсету қиын болғанда немесе мүмкін болмаған жағдайда әрбір 100 қызмет алушыға 1 бірлік								
32.	Санитар-пала тадағы 2	Мыналардан: өзіне-өзі қызмет ету және жеке гигиенаның қарапайым дағдылары болмаған кезде – 6 адамнан (өздігінен қозғала және тамақтана алмайды), үнемі күтімді қажет етеді; өзіне-өзі қызмет ету және жеке гигиена дағдыларының қалыптасуы жағдайында – 8 адамнан (ішінара қалыптасқан) үнемі қадағалауды қажет етеді; тұрмыстық дағдылардың қалыптасуы жағдайында – 10 адамнан (ішінара қалыптасқан); қолының ептілігі дағдыларының қалыптасуы жағдайында – 12 адамнан (еңбек бағдары бағдарламасын іске асыру үшін топ 6 адамнан шағын топқа бөлінеді) тұратын топқа 5,25 ставка											
33.	Санитар-пала тадағы 3,4,5	әрбір тәулік бойы жұмыс істейтін постқа 5,25 ставка. Бір тәулік бойғы пост орналасатын алаңның болуын, қажеттілігі мен мүмкіндіктерді ескере отырып, кемінде 50 төсек-орынға қалыптастырылады											
34.	Бақылау жөніндегі санитар 4	әрбір тәулік бойы жұмыс істейтін постқа 5,25 ставка. Бір тәулік бойғы пост орналасатын алаңның болуын, қажеттілігі мен мүмкіндіктерді ескере отырып, кемінде 100 төсек-орынға қалыптастырылады											
35.	Күтім жөніндегі санитар (полиат)	Жеке күтімді қажет ететін 6 ауыр науқасқа – 1 бірлік											



47.	Терапевт дәрігер 4,5	-	-	-	1	1,5	1,5	1,5	1,5	2	2	3
48.	Невропатолог дәрігер	-	-	-	1	1,5	1,5	1,5	1,5	2	2	2
49.	Психиатр дәрігер (психотерапевт) 2,4,5	-	0,5	0,5	1	1,5	2	2	2	2	2	2
50.	Травматолог-ортопед дәрігер 3	-	-	-	0,5	1	1	1	1	2	2	3
51.	Райттерапия (иппотерапия) жөніндегі инструктор 3,5	-	мекемеге 1 бірлік (тиісті жағдай болғанда)									
52.	Жүзу жөніндегі инструктор (гидрокinezотерапия) 3,5	-	мекемеге 1 бірлік (бассейн болса )									
53.	Диеталық тамақ жөніндегі мейіргер	-	0,5	0,5	мекемеге 1 бірлік							
54.	Дәріханашарушы (дәріханашарушы)	-	-	-	0,5	0,5	1	1	1	1		1

	болған жағдай да)										1	
55.	Фармацевт	-	-	-	0,5	1	1	1	1	1	1	1
56.	Емдік дене шынықтыру инструкторы	-	тірек-қимыл аппараттары бұзылуының ауыр түріне қызмет алушы 20 адамға немесе тірек-қимыл аппараттары функцияларының орташа бұзылуына байланысты қызмет алушы 40 адамға 1 бірлік, бірақ бір емдік дене шынықтыру инструкторы кабинетіне 2 бірліктен көп емес									
57.	Бас мейіргер (аға мейіргер)			мекемеге 1 бірлік								
58.	Мейіргер		әрбір тәулік бойғы постқа – 5,25 ставка. Бір тәулік бойғы пост орналасатын алаңның болуын, қажеттілігі мен мүмкіндіктерді ескере отырып, кемінде 50 төсек-орынға қалыптастырылады									
59.	Массаж жасау жөніндегі мейіргер	-	0,5	0,5	1	1	2	2	3	4	5	6
Әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері												
60.	Психолог	1	0,5	0,5	1	1,5	2	2	2	2	2	3
Әлеуметтік-педагогикалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері												
61.	Әдіскер 2,3	-	-	-	мекемеге 1 бірлік							
62.	Тәрбиеші 2,3	-	оқу тобына 1,5 бірліктен *									
63.	Логопед 2, 3	-	0,5	0,5	1	1,5	2	2	3	4	4	5
64.	Дефектолог мұғалім 2,3,4	-	оқу тобына 1 бірлік *									
65.	Музыка мұғалімі 2,3,4	-	0,5	0,5	мекемеге 1 бірлік							
66.	Дене шынықтыру	-	0,5	мекемеге 1 бірлік								



	мұғалі м і 2,3,4			0,5								
67.	Еңбек терапи ясы жөнінд егі инстру ктор ( - еңбекк е оқыту мұғалі мі) 2,3											оқу тобына 1 бірлік *
Әлеуметтік-еңбек қызметін көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері												
68.	Еңбек терапи ясы жөнінд егі инстру кторы 4,5											1 профильге 1 бірлік (профиль кемінде 6 қызмет алушыны оқытқанда қалыптастырылады)
Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штаттық нормативтері												
69.	Мәден и ұйымд астыру шы	-	0,5	0,5	1	1	1	2	2	2	2	2
70.	Музык алық жетек ші	-	-	-								мекемеге 1 бірлік
71.	Кітапх анашы ( кітапх на, лекоте ка болған да)	-										мекемеге 1 бірлік
Әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың штат нормативтері												
72.	Заңгер	-	0,5	1								мекемеге 1 бірлік

Ескертпе:

1 – стационарлық үлгідегі ұйымдардың жанынан құрылған жоба қуаты 6-дан 30-ға дейін өз бетінше тұруды сүйемелдеу бөлімшелерінде енгізіледі;

2 – стационарлық үлгідегі балалар психоневрологиялық ұйымдарында енгізіледі;

3 – ТҚА бұзылған балалар үшін стационарлық үлгідегі ұйымдарға енгізіледі;

4 – стационарлық үлгідегі психоневрологиялық ұйымдарға енгізіледі;

5 – қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған стационарлық үлгідегі ұйымдарға енгізіледі;

\* – оқу топтары "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығына сәйкес қалыптастырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32941 болып тіркелген).

Жабдықталған мамандандырылған кабинеттер болған кезде ең төмен штат нормативіне енгізілмеген тиісті мамандар қабылданады, алайда бір кабинетке 2 маманнан артық емес.

Қажеттігіне қарай белгіленген лауазымдар еңбекақы төлеу қоры шегінде бірін-бірі алмастырады.

Басшы қызметкерлер мен қызмет көрсетуші-шаруашылық персоналды ұстау бойынша шығыстар 1 бірлік қызметтің құнын есептеуге қосылмаған.

Стационарлық үлгідегі мекемелерде қызметтік автокөлік құралдарының лимиті мынадай көлемде белгіленеді:

бір жеңіл автомобиль;

екі санитариялық автомобиль;

бір жолаушылар автобусы (100 немесе одан көп қызмет алушы болған кезде);

бір автокөлік құралы (350 немесе одан көп қызмет алушы болған кезде);

орталық кәрізге қосылу мүмкіндігі жоқ жерлерде орналасқан стационарлық үлгідегі ұйым үшін айына кем дегенде 200 куб қоқыс шығару көлемі болған кезде қоқыс шығаруға арналған бір автомобиль;

қар, күл шығару, көмірді қазандарға жеткізу және басқа да маусымдық жұмыстарды және басқа да жұмыстарды орындайтын бір трактор;

сыйымдылығы шағын үйлер үшін қызметкерді алушылардың санына сәйкес бір микроавтобус.

Бөлімшеде тұратын мүгедектігі бар адамдарға өзінің лауазымдық өкілеттігі шегінде стационарлық үлгідегі ұйымдардың басқа қызметкерлері тартылады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер  
көрсететін ұйымдар қызметінің  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

Ұйымның ресми атауы  
(қазақ тілінде)

Ұйымның ресми атауы  
(орыс немесе өзге тілде)

**Стационарлық/жартылай стационарлық үлгідегі/ үйде қызмет көрсететін/уақытша болу ұйымында арнаулы әлеуметтік қызметтерді алатын адамдарды және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарды кезекке тіркеудің электрондық журналы**

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_ " \_\_\_\_\_ басталды

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_ " \_\_\_\_\_ аяқталды

№	Мәртебесі	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні, жасы	Жынысы	Үйінің мекенжайы	Телефон нөмірі	Мүгедектігі бар адамды абилицациялау мен оналтудың жеке бағдарламасының мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
Түскен күні және бұйрықтың №	Уақытша шығқан күні және бұйрықтың №	Шыққан күні және бұйрықтың №	Шығу себебі	Ауыстырылған күні және бұйрықтың №		Қайда шықты (облыс, қала, аудан)	
9	10	11	12	13		14	

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

Ұйымның ресми атауы  
(қазақ тілінде)

Ұйымның ресми атауы  
(орыс немесе өзге тілде)

Қызмет алушының ЖЕКЕ ІСІ № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Жасалған жері)



Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Туған күні (күні, айы, жылы) \_\_\_\_\_

Диагнозы \_\_\_\_\_

Ұлты \_\_\_\_\_

Түскен күні \_\_\_\_\_

Қайдан келді \_\_\_\_\_

Әлеуметтік мәртебесі \_\_\_\_\_

Ата-аналары туралы мәліметтер (мүгедектігі бар балалар үшін) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, олардың болмау себебі және оны растайтын құжаттың түрі) \_\_\_\_\_

Үйінің мекенжайы \_\_\_\_\_

Нөмірленген және тігілген \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ парақ

(жазбаша)

Ұйымның басшысы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

20 \_\_\_\_ жылға " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Мөр орны

Арнаулы әлеуметтік қызметтер  
көрсететін ұйымдар  
қызметінің қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан  
Бекітемін:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(стационарлық/жартылай  
стационарлық үлгідегі/үйде  
қызмет көрсететін/уақытша  
болу ұйым басшысының тегі,  
аты, әкесінің аты (бар болса)  
және қолы)  
20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(стационарлық/жартылай  
стационарлық үлгідегі/үйде  
қызмет көрсететін/уақытша  
болу ұйымның атауы)

**Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша жеке жоспары жоспары**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.12.2024 № 500 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні және жылы \_\_\_\_\_

Диагнозы \_\_\_\_\_

Стационарлық/жартылай стационарлық үлгідегі ұйымға/үйде қызмет көрсететін/ уақытша

болу ұйымына түскен күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қызмет алушыға \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ қоса алғанға дейін бақылау жүзеге

асырылды

Жеке жұмыс жоспары \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ қоса алғанға дейінгі кезеңге

әзірленді

